ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЖШС "Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент
ТОО "Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail:
dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail:
dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2025 жылғы 6 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 277
город Шымкент

Қыздар кеңесі жұмысын

ұйымдастыру туралы

2025-2026 оқу жылында оқушы қыздар арасында қылмыстың , зорлық-зомбылықтың, қаңғыбастықтың, ерте жүкті болудың алдын алу және ұлттық тәрбие беру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.10-11 сынып оқушы қыздары арасында қылмыстың, зорлық-зомбылықтың, қаңғыбастықтың, ерте жүкті болудың алдын алу және ұлттық тәрбие беру мақсатында қыздар ұйымы құрылсын, іс-шаралар жоспары бекітілсін. Жауапты: А.К.Төрахмет

2. Қыздар ұйымының жетекшісі етіп Г.Ә.Әбдукадыр тағайындалсын .

3.Оқушы қыздардың жеке бас гигиенасын сақтауын қадағалансын, арнайы дәрігер мамандармен кездесу ұйымдастырылсын. Жауапты: Ж.Ж.Зайнулла

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау және іс-шараларды жүйелі түрде жүргізілуін бақылау жауапкершілігі тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары А.К.Төрахметке жүктелсін.

Мектеп директоры Хамидов И. Х

Бұйрықпен таныстым: ---------- ----------

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2025 жылғы 3 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№274
город Шымкент

Мектептегі қыз балалармен жұмыс жүргізу мақсатында «Аналар-әжелер» мектебі кеңесін құру туралы

ҚР «Білім беру» Заңы, ҚР «Бала құқығы» Заңы, ҚР «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» Заңдарын, «Құндылықтарға негізделген білім беру» Тұжырымдамасын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қыз балалар арасында отбасылық құндылықтарды сақтау, қыз тәрбиесіне деген жауапкершілікті арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында ертежүктіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру мақсатында «Аналар-әжелер» мектебі төмендегі құрамда құрылсын;

№	Аты-жөні тегі	Қызметі	Мәртебесі
1	Үсенбаева К.К.	Зейнеткер ұстаз	Төрайымы
2	Әбдібекова А.Б.	Қазақ тілі пәні мұғалімі	Хатшысы
3	Сазабаева Н.А.	Зейнеткер ұстаз	Мүшесі
4	Бекбердиева Қ.	Көп балалы ана	Мүшесі
5	Базарбек Э.	Мектеп медбикесі	Мүшесі
6	Төреахмет А.К.	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Мүшесі
7	Шунканова Б.	Ардагер ұстаз	Мүшесі

2. Өмірлік қиын жағдайға тап болған ата-аналармен, қыздармен қоғамға жат әрекеттер мен құқық бұзушылықтың, ертежүктіліктің алдын алу және ұлттық тәрбиені насихаттау мақсатында түсініктеме жұмыстары жүрізілсін;
3. «Аналар-әжелер» мектебі кеңесі мүшелері үшін арнайы іс-шара түзіліп бекітілсін;**(қосымша -1)**
4. Қыздарды әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, ар тазалығын жоғары ұстау мақсатында ардагер ұстаздармен, дәрігерлермен, елге үлгілі, құрметті азаматтармен бірлескен кездесулер, дөңгелек үстелдер, пікір алмасулар өткізу ұйымдастырылсын;
5. Сыныптар мен ата-аналар арасында қыз тәрбиесі туралы түрлі тақырыптарда пікір алмасулар, кездесулер, сайыстар, сынып сағаттары т.б. іс-шаралар өткізу сынып жетекшілеріне жүктелсін;
6. Осы бұйрықтың орындалу барысын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.К.Төреахмет жүктелсін.

Мектеп директоры И.Х.Хамидов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек
ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО
"Dostyk School Shymkent"

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2025 жылғы 17 қараша
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 301
город Шымкент

Қыздар жиналысын
өткізу туралы

Мектепішілік жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, зорлық – зомбылықтың, кибербулингтің алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 10-11 сынып қызбалалары арасында жиналыс өткізілсін;
2. Қызбалалар арасында «Қыздарға әсемдік жарасады» тақырыбында 10-11 сынып қызбалалар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу қыздар ұйымының төрайымы Ш.Беласар мен психолог Г.Ә.Әбдуқадырға жүктелсін;
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.К.Төреахметке жүктелсін.

Мектеп директоры А.Б.Сексенов

Бұйрықпен таныстым: Төреахметов А.К.
Тоқсанов Әбдуқадыр Г.Ә.

Бекітемін
Мектеп директоры
_____ А.Б.Сексенов

Dostyk School Shymkent мектебі

2025-2026 оқу жылында «Аналар-әжелер» мектебінің «Қыздар кеңесінің» жылдық іс-шаралар ЖОСПАРЫ

№	Жоспарланған іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	«Аналар-әжелер» клубын, «Қыздар» кеңесінің жоспарымен таныстыру, құрамын сайлау	Қыркүйек	ДТІЖО
2	Қыздар ұйымының отырысы. «Қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын алу», Мектеп ережесіне сай киіну, мектеп формасы төңірегінде 10-11-сынып оқушылары арасында басқосу өткізу	Қыркүйек	ДТІЖО, сынып жетекшілер
3	«Қыздар арасындағы сыйластық және жеке бастың гигиенасын сақтау» , «Аутодеструктивті мінез-құлық әрекеті» педагог-психолог және мектеп медбикесімен пікір алмасу	Қазан	ДТІЖО, психологтар
4	Оқуға құштар мектеп жобасы: «Әжемнің әңгімесі»	Қазан	Зейнеткер ұстаз
5	Дөңгелек үстел: «Отбасындағы құқықтық тәрбие»	Қараша	Педагог ұйымдастырушы
6	«Ұл бала мен қыз бала сыйластығы» деген тақырыпта пікір алмасу отырысын өткізу	Қараша	Қыздар ұйымының төрайымы
7	Қыздар кеңесінің отырысы. Жартыжылдық қорытынды есебі.	Желтоқсан	Қыздар ұйымының төрайымы
8	«Бүгінгі бойжеткен, ертенгі асыл жар» деген тақырыпта гинеколог дәрігермен пікір алмасу	Қаңтар	ДТІЖО, медбике Э.О.Базарбек
10	«Қыз болашақ ана» сынып сағаттарын өткізу	Ақпан	ДТІЖО, сынып жетекшілер
11	Акция: «Анаға тағзым», «Анама арнаймын», «Анама мың алғыс»	Наурыз	ДТІЖО, Педагог ұйымдастырушы
12	«Көктем сұлулығы, қыз бала сұлулығы	Сәуір	ДТІЖО,

	неде?» деген тақырыпта дөңгелек үстел Өткізу		Педагог ұйымдастырушы
13	«Есімдері тарихта қалған батыр қыздарды еске алу» кешін өткізу	Мамыр	ДТІЖО, Педагог ұйымдастырушы
14	Жиналыс: Аналар-әжелер клубының жұмысын қорытындылау	Мамыр	ДТІЖО,

ДТІЖО: А.К.Төреахмет

Буллинг, кибербуллинг, ерте жүктіліктің, ерте жыныстық қарым-қатынастың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу (10,11 сынып қыздары) арасында психологиялық ағарту және алдын алу жұмыстарының анықтамасы

Тақырыбы: Буллинг, кибербуллинг, ерте жүктіліктің, ерте жыныстық қарым-қатынастың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу (10,11 сынып қыздары арасында)

1. **Мақсаты:** Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту. Қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу,күйзелісті басқара білу және психикалық денсаулықты сақтау
2. **Күні: 15 .09.2025**
3. **Қатысушылар:**
4. 1.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Төреахмет
5. 2. Педагог – психолог – Г.Ә.Әбдуқадыр
6. 3.Мектеп медбикесі- Э.О.Базарбек
7. Сыныптар : 10-11 сынып оқушылары
8. Тақырып бойынша сөз кезегін педагог -психолог – Г.Ә.Әбдуқадыр бастады.
   Кибербуллинг - бұл цифрлық технологиялар көмегімен қорқыту.Ол әлеуметтік медиада, хабарлама алмасу бағдарламаларында, ойын платформаларында және ұялы телефондарда орын алуы мүмкін. Кибербуллинг- әлеуметтік желілер, онлайн ойындар және лездік хабарламалар қосымшалары арқылы интернеттегі психологиялық зорлық-зомбылықтың бір түрі, қорқыту, қорлау. Балаларға арналған кеңестер. Желіде болған кезде сыпайы және мейірімді болыңыз. Өз құрдастарыңа жағымды хабарламалар, күлімсіреу немесе бестік жіберу арқылы қолдау
1. Репродуктивті психикалық денсаулық тақырып бойынша мектеп медбикесі- Э.О.Базарбек түсіндіру жұмысын бастады, түсіндірме жұмыстырын жүргізді — адамның жыныстық және репродуктивті өміріндегі (етеккір, жыныстық қатынас, жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезең) эмоционалдық, психологиялық және әлеуметтік саулығын қамтиды.

Неге ол маңызды?

•Өзін-өзі бағалау, дене бейнесі, жыныстық қатынасқа қатысты түсінік пен сенімдер қалыптасады. Қорқыныш, стресс, депрессия, мәдени қысым сияқты факторлар жасөспірімдер мен жастардың шешім қабылдауына әсер етеді. Денсаулықты сақтау адамның болашақтағы ата-ана рөліне де әсер етеді.

Психикалық денсаулыққа әсер ететін факторлар

- Отбасы қолдауы
- Дұрыс жыныстық білім
- Қауіпсіз қарым-қатынас үлгілері
- Өзін-өзі тану және шекара қою дағдылары
- Кибербуллинг, әлеуметтік желі қысымы
- Травмалар (зорлық, қақтығыс, т.б.)

Ерте жүктілік деген не және оның салдары

Ерте жүктілік — 10–19 жас аралығындағы жасөспірімдердің жүктілігі. Салдары

Медициналық: Анемия, қан кету, жоғары қан қысымы, ерте босану қаупі Психикалық күйзеліс, босанғаннан кейінгі депрессия. Жасөспірім үшін психологиялық ауыртпалық Ерте жүктіліктің алдын алу жолдары Жыныстық-ағартушылық білім

- Денені білу, етеккір циклі
- Жыныстық қатынас, контрацепция туралы дұрыс ақпарат
- Шекара қою және “жоқ” деп айту дағдылары

3) Отбасымен және мамандармен ашық сөйлесу

- Психолог
- Дәрігер-гинеколог
- Сенімді ересектер
- Мектеп және жастар орталықтары

4) Өзін-өзі бағалауды күшейту

- Эмоцияларды басқару.Құрдастар қысымына қарсы тұра білу.Болашаққа мақсат қою (оқу, мансап) зорлық-зомбылықтың алдын алу, онлайн қауіпсіздік дұрыс қарым-қатынас мәдениетін дамыту жасөспірімдерге арналған психологиялық қолдау
- Қысымсыз, сенімді атмосфера құру
- Қажет болса жасөспірім психологына жүгіну
- Өзін-өзі реттеу дағдыларын үйрету (mindfulness, эмоцияны айту)

Педагог-психолог Г.Ә.Әбдуқадыр


Егер сен киберқұқықтың тағдыры
не істеу керек?

ҚР Шымкент қаласы
«Dostyk school Shymkent»
жауапкершілгі шектеулі
серіктестігі

РК город Шымкент
Товарищество с ограниченной
ответственностью
«Dostyk school Shymkent»

Хаттама

«Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбы

Шымкент қаласы «Dostyk school Shymkent»
Утегенова 1864
Мүшелері: 10-11сынып оқушы қыздары
Қатысқаны: 50

Ерте жүктіліктің алдын алу

Қыз бала гигиенасы және ерте жүктіліктің алдын алу Қыз баланың жыңыстық жетілуі және гигиенасы. Қыз баланың жыныстық жетілуінің алғашқы белгілері 8-9 жаста пайда болады. 1-ші фазада бойдың өсуі, дене массасы ұлғаяды, сүт бездері ұлғаяды, жамбас сүйектері өсіп, бөксесі шығады. 2-ші фазада сыртқы жіне ішкі жыныс мүшелерінің құрылысы өзгереді, етеккір келе бастайды. Ол организмде болып жатқан күрделі , әрі алуан түрлі циклдың өзгерістері, 28 күнге созылады, бұл қалыпты физиология. Бұл күндері ауыр салмақ түсірмеу керек , салқын тигізбеу керек. Етеккір кезінде сыртқы жыныс мүшесін таза ұстап, төсемелер қолдану қажет, ыстық моншаға жууныға, суда жүзуге болмайды. Қыз бала ер балаға қарағанда ерте жетіледі. – Негізі қыздарда 10-12 жаста алғаш рет етеккірі келеді. Демек, бұл уақыт олардың бойжеткендігінің белгісі. Етеккір келгенде не істеуі керек? Тазалықты сақтаудың алғы шарттарын қызына ең алдымен анасы, жеңгесі айтып түсіндіргені абзал. Ал 13-14 жаста жасөспірім қыздың гинеколог дәрігерге келіп, профилактикалық тексеруден өтуі міндетті. Бұл қабылдауды дәрігер қыздың қасында тек анасы болғанда ғана жүргізе алады. Бұл не үшін керек? Қыз баласының гинекологиялық ауытқуларын ерте жастан анықтап, дәрігерлік кеңес беру үшін қажет. Сондай-ақ, қыздың гинекологиялық тұрғыда қандай да бір шағымдары болса, мамандарға жүгініп, Ойнап жүріп от басқан жас қыздарымыздың көпшілігі кездейсоқ жүктілікке ұрынып, оның соңы жасанды түсікке немес сәбилерін бөбектер үйіне өткізуге әкеп соғып жатады. Бұл ең алдымен, қыз баланың денсаулығына зиян келтіріп, болашақ өміріне балта шабатын белгілі. Жоспарланбаған жүктілік әйел затын психологиялық күйзеліске ұшыратады.

Егер біз қоғам болып ұлт болашағын ойласақ, қыз бала денсаулығы мен тәрбиесіне аса мұқият болғанымыз жөн. Қыз балаға ерекше күтім, дұрыс тәрбие қажет. Бүгінгі жасөспірім қыз – ертеңгі ана.. Желкілдеп өсіп келе жатқан жасөспірімдерге отбасында, білім ошақтарында жыныстық тәрбиені дұрыс беріп отырсақ, біраз мәселелердің алдын алған болар едік. – Біз балаларымызбен жыныстық тақырыпта сөйлесуге, олардың сұрақтарына жауап беруге ыңғайсызданамыз. Өйткені біз оларды әлі кішкентай ғой деп санаймыз. Алайда қазіргі ақпараттық заманда балаларымыз тез есеюде. Тіпті кейде олардың сөздеріне, әрекеттеріне қарап, кейбір нәрселерді үлкендерден кем білмей ме деп қаласың. Ақпараттар ағымының қарқыны соншалық, балаларымызға қажетті, қажетсіз ақпараттарды екшеу мүмкін емес. Сондықтан осы жыныстық тақырыпты балаларымыз өздігімен әр жерден бір іздемесін десек, мектептерде арнайы тәрбие шараларын енгізу қажет. Әр отбасындағы менталитет әртүрлі, сондықтан кейбір ата-ана бұл тақырыпты баласына түсіндіре алмай жатады. Негізінен ата-ананың міндеті баласының әр нәрсеге қызығушылығын қадағалап, дұрыс бағыт беріп отыру. Ал . мектепте жыныстық тәрбие шараларын психолог, дәрігер маманның қатысуымен түсіндірме жұмыс жүргізу керек.

Мектеп директоры: Сексенов А.Б _____

Мектеп психологі: Әбдуқадір Г.У _____

Мектеп медбикесі: Базарбек Э.О _____

ХАТТАМА

Шымкент қаласы
Күні: 04.02.2026 ж

Қатысқандар:

1. Шымкент ҚПД Абай АПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Әбдуқаппар Ақбота
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Е.Хайлулла, А.К.Төреахмет
3. Педагог-психолог Әбдуқадыр Г.Ә.
4. 10 сынып оқушылары (қыздар)

Күн тәртібінде:

1. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу және буллингтің алдын алу, лудомания және темекі, нашақорлық бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу,
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу. Профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру

Тыңдалды:

Шымкент ҚПД Абай АПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Әбдуқаппар Ақбота жиналыс өткізді:

Оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары туралы, құқық бұзушылық пен кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу және буллингтің алдын алу, лудомания бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Шымкент ҚПД Абай АПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Әбдуқаппар Ақбота - кәмілеттік жасқа толмағандардың түнгі мезгілде жүру заңдылықтары жөнінде түсіндіріп өтіп, қалада мереке және басқада кездері «Қауіпсіз қала» профилактикалық рейдттік іс-шараларының өтіп тұратындығын атап өтті.

Сондай-ақ, оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу және буллинг болған жағдайда ата – анаға салынатын айыппұлдар көлемі , қылмыстық жауапкершілікке тартылатын жөнінде айтылды.

Құқық қорғау органдарының өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі құралдарының заңсыз айналымы үшін көзделген әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туралы ақпарат берді. Құқық бұзушылық орын алған жағдайда дереу ішкі істер органдарына немесе ұстаздарға хабарлау керектігі де назарға алынды.

Кездесу барысында кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты жасалатын қылмыстардың, лудомания ,темекі және нашақорлық қылмыстарының алдын – алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, оқушылардың заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыруды естіртті. Сондай – ақ оқушыларға құқықтық сауаттылығын арттыру және заң талаптарын сақтау маңыздылығы туралы кеңестер берілді.

Шешім:

1. Балалардың бос уақытын қадағалау ата-аналар тарапынан күшейтілсін
2. Қауіп тобына жататын оқушылармен жеке психологиялық жұмыстар ұйымдастыру.
3. Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға, спорттық және мәдени іс-шараларға тарту.

Мектеп директоры Сексенов А.Б.


Тақырыбы:
«Лудомания
дерті»



"Dostyk School Shymkent" мектебі

«Есімдері тарихта қалған батыр қыздарды еске алу» кешінің өткізілуі туралы

АНЫҚТАМА

2025–2026 оқу жылының мамыр айында 9 мамыр – Жеңіс күніне орай қыздар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес «Есімдері тарихта қалған батыр қыздарды еске алу» тақырыбында еске алу кеші өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – өскелең ұрпаққа ел тарихындағы ерлік пен отансүйгіштіктің маңызын түсіндіру, Отан қорғау жолында ерлік көрсеткен батырлардың өнегелі өмір жолын насихаттау және олардың рухына құрмет көрсету.

Кеш барысында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік пен қаһармандық туралы тарихи мәліметтер ұсынылып, батыр қыздардың ерлігі мен өмір жолына арналған бейнематериалдар көрсетілді. Оқушылар ел басына күн туған шақта Отан үшін күрескен қаһармандардың ерлігі туралы ой бөлісіп, олардың есімдерін құрметпен еске алды. Жеңіске үлес қосқан майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің қайсарлығы мен отансүйгіштігі де сөз болды.

Іс-шара жас ұрпақтың тарихи жадын қалыптастыруға, бейбіт өмірдің құндылығын түсінуге, Отанға деген сүйіспеншілік пен ерлікке құрмет сезімін арттыруға бағытталды.

Қорытынды: еске алу кеші тағылымды мазмұнда өтіп, оқушылардың тарихи танымын кеңейтуге және ел үшін ерлік көрсеткен тұлғалардың рухына тағзым етуге мүмкіндік берді.

ДТІЖО: А.К.Төреахмет



"Dostyk School Shymkent" мектебі

«Анаға тағзым», «Анама арнаймын», «Анама мың алғыс» акциясының өткізілуі туралы

АНЫҚТАМА

2025–2026 оқу жылының наурыз айында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай қыздар кеңесінің жұмыс жоспары аясында «Анаға тағзым», «Анама арнаймын», «Анама мың алғыс» тақырыбында мерекелік акция ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың анаға деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, аналардың қоғамдағы және бала тәрбиесіндегі ерекше орнын насихаттау болды. Акция барысында оқушылар аналарына арналған жүрекжарды тілектері мен алғыстарын білдіріп, арнайы дайындаған сыйлықтарын табыстады. Анаға деген ризашылық пен құрметті жеткізетін жылы лебіздер айтылып, мерекелік көңіл күй қалыптастырылды.

Іс-шара оқушылардың бойында үлкенді құрметтеу, ізгілік, мейірімділік, отбасы құндылықтарын бағалау қасиеттерін қалыптастыруға бағытталды. Акция жоғары деңгейде өтіп, қатысушыларға жағымды әсер мен көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Қорытынды: жоспарланған іс-шара өз мақсатына жетіп, анаға құрмет көрсету мен отбасылық құндылықтарды дәріптеуге ықпал етті.

ДТІЖО: А.К.Төреахмет



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек
ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО
"Dostyk School Shymkent"

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ

№ 278
«Ұлдарклубын» құрутуралы
«16» 09 2025 жыл

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие жоспарына сәйкес, мектеп жасындағы ұл балалардың бойында **ер-азаматтық қасиеттерді, тәртіп пен жауапкершілікті, елін, отбасын қорғау сезімін** қалыптастыру, **ұлттық болмыс пен салт-дәстүрге негізделген тәлім-тәрбие беру** мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. жалпы орта білімберетін мектебі жанынан **«Ұлдар клубы» құрылсын.**
2. Клубтың мақсаттары:
   – ұл балаларды ер мінезділікке, жауапкершілікке, батылдыққа тәрбиелеу;
   – ұлттық әскери-патриоттық сана қалыптастыру;
   – әдеп, тәртіп, көшбасшылық қабілеттерін дамыту;
   – қоғамға, отбасына пайдалы тұлға ретінде бағыттау.
3. «Ұлдар клубының» жетекшісі болып Кадиров Е. тағайындалсын.
4. Клубтың құрамына әр сыныптан белсенді ұл балалар енгізілсін. Тізімді сыныпжетекшілер ұсынып, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар бекітсін.
5. «Ұлдар клубының» жылдық жұмыс жоспары 5 жұмыс күні ішінде әзірленіп, бекітілсін.
6. Клуб жұмысын жүргізу барысында:
   – патриоттық бағыттағы кездесулер, спорттық жарыстар, әскери жаттығу элементтері қамтылсын;
   – жергілікті әскери бөлімдермен, тәртіп сақшыларымен байланыс орнатылсын.
7. Осы бұйрықтын орындалуын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Н.Е.Халилуллаға** қадағаласын.

Мектеп директоры А.Б.Сексенов

Бекітемін.
Мектеп директоры:
А.Б.Сексенов

2025-2026 оқу жылы бойынша Ұлдар клубының жиналысының жылдық жұмыс жоспары

№	Отырыстыңуақыты	Қаралатынмәселелер	Өтілутүрі	Жауапты
1	Қыркүйек	**Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1. Ұлдар клубының мақсат-міндеттерімен таныстыру 2.Жылдық жоспарды бекіту 3.Мектеп формасы, ұл бала тәртібі 4.Жауапкершілік және ер баланың тұлғалық бейнесі	Жиналыс Хаттама	ДТІЖО, Ұлдар клубының жетекшісі
2	Желтоқсан	**Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1. Тәрбие бағытындағы жартыжылдық жұмыс есебі 2. Буллингтің алдын алу, сабаққа қатысу мәселесі 3.Ұлттық құндылықтар – ер баланың бойындағы намыс пен мінез	Жиналыс хаттама	ДТІЖО, Ұлдар клубының жетекшісі
3	Ақпан	**Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1. Қыз балаларға құрмет көрсету – ұл тәрбиесінің негізі 2.Спорттық жарыстарға қатысу белсенділігі 3. «Әке – отбасы тірегі» тақырыбында пікір бөлісу	Жиналыс Хаттама	ДТІЖО, Ұлдар клубының жетекшісі
4	Мамыр	**Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1. Жылдық жұмысты қорытындылау 2. Үздік белсенді оқушыларды марапаттау 3. Ұлдардың жазғы демалыстағы тәртібі мен қауіпсіздік ережелері 4.Келесіжылғаұсыныстаржинау	Жиналыс Хаттама	ДТІЖО, Ұлдар клубының жетекшісі

ДТІЖО: Н.Е.Халилулла

Бекітемін.
Мектеп директоры:
А.Б.Сексенов

2025-2026 оқу жылына арналған ұлдар ұйымының жылдық жоспары.

№	Жұмыстыңмазмұны	Өтілутүрі	Өтетінмерзімі	Өткізетінжауапты
1	Ұлдар клубының мақсат-міндеттерімен, жылдық жоспарымен таныстыру	Жиналыс	Қыркүйек	Клуб жетекшісі
2	«Нағыз ер жігіт қандай болу керек?»	Пікірлесу	Қыркүйек	Психолог
3	«Жігітке жеті өнер де аз»	Танымдық сабақ	Қазан	Клуб жетекшісі
4	«Салауатты өмір – сергек ұрпақ»	Тренинг	Қазан	ДТІЖО, медбике
5	«Ер намысы – ел намысы» тақырыбында бейнеролик көру, талдау	Ашық сабақ	Қараша	Әлеуметтік педагог
6	«Әскер – Отан тірегі»	Әскери сабақ/саптық дайындық	Қараша	АӘД мұғалімі
7	«Ер жігіт – ел тірегі»	Дөңгелек үстел	Желтоқсан	Тәрбие орынбасары
8	«Жас сарбаз» әскери спорттық жарысы	Жарыс	Қаңтар	ДТІЖО, дене мұғалімі
9	«Қыздарды қорғау – жігіттің парызы»	Ашық тәрбие сағаты	Ақпан	Сынып жетекшілер
10	«Әке – отбасының тірегі»	Ата-анамен кездесу	Наурыз	Пед.ұйымдастырушы
11	«Ұлттық ойындар – ұлт рухы»	Спорттық сайыс	Сәуір	Дене мұғалімі
12	«Болашаққа жауапкершілікпен қара»	Тренинг-семинар	Сәуір	Психолог
13	«Жыл үздігі – 2026» (үздік ұл оқушыны марапаттау)	Қорытынды байқау	Мамыр	Клуб жетекшісі
14	Жылдық есеп беру, ұсыныс-пікірлер жинау	Қорытынды жиналыс	Мамыр	

Ұлдар ұйымының жетешісі: Кадиров Е.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі
ХАТТАМА №1

Күні: қыркүйек 2025 ж.
Қатысқандар: Ұлдар клубының мүшелері
Күн тәртібі:

1. Ұлдар клубының мақсат-міндеттерімен таныстыру
2. Жылдық жоспарды бекіту
3. Мектеп формасы, ұл бала тәртібі
4. Жауапкершілік және ер баланың тұлғалық бейнесі

Тыңдалды:

1. Ұлдар клубының мақсат-міндеттерімен таныстыру

Ұлдар клубының негізгі мақсаты – жасөспірім ұл балалардың бойында ұлттық құндылықтарды, азаматтық жауапкершілікті, отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру, оларды салауатты өмір салтын ұстануға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу екендігі түсіндірілді. Сонымен қатар, қазіргі қоғамдағы ер азаматтың рөлі, отбасы алдындағы жауапкершілігі, білімді, мәдениетті, еңбекқор тұлға қалыптастыру мәселелері кеңінен айтылды.

Клуб жұмысы арқылы оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру, құқықбұзушылықтың алдын алу, зиянды әдеттерден аулақ болу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілетіні атап өтілді.

2. Жылдық жоспарды бекіту

2025–2026 оқу жылына арналған Ұлдар клубының жылдық жұмыс жоспары таныстырылып, жоспарға енгізілген тәрбиелік іс-шаралардың маңыздылығы түсіндірілді. Жоспарда патриоттық тәрбие, спорттық-сауықтыру шаралары, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, әдептілік пен адамгершілікке тәрбиелеу бағытындағы жұмыстар қамтылғаны айтылды.

Оқушылар өз ұсыныстарын білдіріп, спорттық жарыстарға, пікірталас алаңдарына, танымдық кездесулерге белсенді қатысуға дайын екендіктерін жеткізді. Жоспар бірауыздан қолдау тауып, бекітілді.

3. Мектеп формасы, ұл бала тәртібі

Мектеп формасын сақтау – оқушының білім ордасына деген құрметінің белгісі екені түсіндірілді. Оқушыларға мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, сабаққа кешікпеу, себепсіз қалмау, мектеп мүлкіне ұқыпты қарау, қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстау қажеттігі айтылды.

Ұл балаға тән мінез-құлық нормалары: ұстамдылық, сабырлылық, жауапкершілік, тәртіптілік, зиянды әрекеттерден аулақ болу, мұғалімдер мен сыныптастарына құрметпен қарау туралы нақты мысалдар келтірілді.

Сыртқы келбетінің жинақы болуы, шаш үлгісінің талапқа сай болуы, мектеп формасын толық сақтаудың маңызы ескертілді.

4. Жауапкершілік және ер баланың тұлғалық бейнесі

Ер бала – болашақ отбасының тірегі, ел қорғаны екені айтылып, олардың бойында қалыптасуы тиіс негізгі қасиеттер: батылдық, уәдеге беріктік, еңбекқорлық, адалдық, намысшылдық, қайырымдылық екендігі түсіндірілді. Өз іс-әрекетіне жауап бере білу, уақытты тиімді пайдалану, білім алуға деген құлшыныс, ата-анаға көмектесу, кішіге қамқор болу – нағыз ер азаматтың тұлғалық бейнесін қалыптастыратыны туралы тәрбиелік әңгіме жүргізілді. Оқушыларға өмірден мысалдар келтіріліп, қоғамға пайдалы, саналы, білімді ұрпақ болу – бүгіннен басталатыны түсіндірілді.

Оқушылар өз ойларын айтып, клуб жұмысына белсенді қатысатындықтарын жеткізді.

Қаулы етілді:

1. Ұлдар клубының жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау қатаң бақылауға алынсын.
3. Ұл балалардың жауапкершілігін арттыру мақсатында түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Ұлдар ұйымының жетекшісі: Кадиров Е.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

АНЫҚТАМА

«Нағыз ер жігіт қандай болу керек?» тақырыбындағы пікірлесу

2025–2026 оқу жылының тәрбие жоспарына сәйкес қыркүйек айында мектеп психологының ұйымдастыруымен «Нағыз ер жігіт қандай болу керек?» тақырыбында пікірлесу өткізілді.

Мақсаты:

Оқушылардың бойында ер азаматқа тән тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру, жауапкершілікке, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу, өзін қоғамда дұрыс ұстай білуге бағыт-бағдар беру және ұлттық тәрбие негізінде саналы ұрпақ қалыптастыру.

Іс-шара барысы:

Пікірлесу барысында оқушыларға «ер жігіт» ұғымының мәні кеңінен түсіндірілді. Ер азаматтың қоғамдағы орны, отбасы алдындағы жауапкершілігі, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу, уәдеге беріктік, еңбекқорлық, батылдық, сабырлылық сияқты қасиеттер туралы айтылды. Оқушыларға түрлі жағдаяттық сұрақтар қойылып, топтық жұмыс ұйымдастырылды. Олар өз ойларын еркін айтып, қазіргі қоғамдағы ер азаматтың бейнесіне қатысты пікірлерімен бөлісті.

Сонымен қатар қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі ер балаға қойылатын талаптар, батырлар мен ел қорғаған тұлғалардың өмірі мысалға келтіріліп, бейнеролик көрсетіліп, талдау жасалды. Психолог тарапынан оқушыларға мінез-құлық мәдениеті, өзін-өзі басқару, эмоцияны бақылау туралы психологиялық кеңестер берілді.

Нәтижесі:

Шара барысында оқушылар ер азаматқа тән қасиеттер туралы толық мағлұмат алып, өз бойларындағы жақсы қасиеттерді дамыту қажеттігін түсінді. Оқушылар өз ойларын ашық айтып, белсенділік танытты. Пікірлесу олардың өзіндік көзқарасының қалыптасуына, жауапкершілік сезімінің артуына және ортада өзін мәдениетті ұстауына оң ықпал етті.

Қорытынды:

Өткізілген іс-шара өз мақсатына жетті. Оқушылардың тұлғалық дамуына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына тәрбиелік әсері жоғары болды.

Ұлдар ұйымының жетекшісі: Кадиров Е.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

АНЫҚТАМА

«Жігітке жеті өнер де аз» тақырыбындағы танымдық сабақ

2025–2026 оқу жылының тәрбие жоспарына сәйкес қазан айында Ұлдар ұйымының жетекшісінің ұйымдастыруымен «Жігітке жеті өнер де аз» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Мақсаты:

Оқушыларды жан-жақты, білімді, өнерлі, қабілетті тұлға болып қалыптасуға тәрбиелеу, олардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық тәрбие негізінде сегіз қырлы, бір сырлы азамат тәрбиелеу.

Іс-шара барысы:

Сабақ барысында қазақ халқының «Жігітке жеті өнер де аз» деген нақыл сөзінің мағынасы түсіндіріліп, ер азаматтың тек күшті ғана емес, білімді, өнерлі, мәдениетті, еңбекқор болуы керектігі айтылды.

Оқушыларға әр өнердің адам өміріндегі маңызы туралы мағлұмат беріліп, қазіргі замандағы жан-жақты дамыған тұлғаның бейнесі сипатталды.

Сабақта оқушылар өздерінің бойындағы өнерлері мен қабілеттері туралы айтып, шығармашылық жұмыстар орындады. Сонымен қатар бейнеролик көрсетіліп, ой бөлісу, сұрақ-жауап, топтық тапсырмалар жүргізілді.

Оқушылар өнер-білімге ұмтылу, бос уақытты тиімді пайдалану, өзін-өзі дамыту жолдары туралы пікір алмасты.

Нәтижесі:

Танымдық сабақ барысында оқушылардың өнерге, білімге деген қызығушылығы артты. Олар жан-жақты дамыған тұлға болудың маңызын түсініп, өз қабілеттерін дамытуға ынталанды. Сабаққа қатысқан оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын еркін жеткізе білді.

Қорытынды:

Өткізілген танымдық сабақ өз мақсатына жетіп, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және тұлғалық қалыптасуына оң әсерін тигізді.

Ұлдар ұйымының жетекшісі: Кадиров Е.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

АНЫҚТАМА

«Салауатты өмір – сергек ұрпақ» тақырыбындағы тренинг

2025–2026 оқу жылының тәрбие жоспарына сәйкес қазан айында «Салауатты өмір – сергек ұрпақ» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты:

Оқушыларға салауатты өмір салты туралы түсінік қалыптастыру, денсаулықты сақтаудың маңызын түсіндіру, зиянды әдеттердің алдын алу және спортпен шұғылдануға баулу.

Іс-шара барысы:

Тренинг барысында оқушыларға денсаулықтың адам өміріндегі басты құндылық екені түсіндірілді. Дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасын сақтау, күн тәртібін тиімді жоспарлау, зиянды әдеттерден аулақ болу жолдары туралы мәліметтер берілді.

Оқушылармен психологиялық сергіту жаттығулары, топтық тапсырмалар, жағдаяттық сұрақтар ұйымдастырылып, «Денсаулық – зор байлық» тақырыбында ой бөлісу жүргізілді.

Сонымен қатар спортпен тұрақты айналысудың, бос уақытты тиімді өткізудің пайдасы түсіндіріліп, бейнеролик көрсетілді. Оқушылар өздерінің күнделікті өмірдегі пайдалы және зиянды әдеттері туралы пікір алмасты.

Нәтижесі:

Тренинг барысында оқушылар салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсінді. Денсаулыққа жауапкершілікпен қарау, зиянды әдеттерден аулақ болу, спортпен айналысуға деген қызығушылықтары артты. Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын ашық жеткізді.

Қорытынды:

Өткізілген тренинг өз мақсатына жетіп, оқушылардың денсаулыққа деген дұрыс көзқарасын қалыптастыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға оң ықпал етті.

Ұлдар ұйымының жетекшісі: Кадиров Е.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

АНЫҚТАМА

«Ер намысы – ел намысы» тақырыбындағы ашық сабақ

2025–2026 оқу жылының тәрбие жоспарына сәйкес қараша айында «Ер намысы – ел намысы» тақырыбында ашық тәрбие сабағы өткізілді.

Мақсаты:

Оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, елін, жерін сүюге тәрбиелеу, ер азаматқа тән намыс, жігер, қайсарлық қасиеттерді дәріптеу және ұлттық құндылықтарды насихаттау.

Іс-шара барысы:

Сабақ барысында «ер намысы» ұғымының мәні кеңінен түсіндіріліп, оның ел намысымен тығыз байланысты екені айтылды. Оқушыларға ел қорғаған батырлардың ерлігі мен өмір жолдары таныстырылып, олардың бойындағы отансүйгіштік, батылдық, табандылық қасиеттері үлгі ретінде көрсетілді.

Тақырыпқа байланысты бейнеролик көрсетіліп, мазмұны талданды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, намыс, Отан алдындағы борыш, азаматтық жауапкершілік туралы пікір алмасты.

Сабақ барысында сұрақ-жауап, топтық тапсырмалар, тәрбиелік мәні бар жағдаяттарды талқылау жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесі:

Оқушылар елін, жерін құрметтеу, Отан алдындағы жауапкершілікті сезіну, намысты қолдан бермеу сияқты қасиеттердің маңызын түсінді. Сабаққа белсенді қатысып, өздерінің азаматтық көзқарастарын білдірді. Патриоттық сезімдері артып, ұлттық рухтары нығайды.

Қорытынды:

Өткізілген ашық сабақ өз мақсатына жетіп, оқушылардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға, ер азаматқа тән намыс пен жігерді дамытуға тәрбиелік ықпалын тигізді.

Ұлдар ұйымының жетекшісі: Кадиров Е.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Әскер – Отан тірегі» әскери-саптық дайындық сабағы

Мақсаты:

Оқушыларға әскери дайындық, тәртіп, ұжымдық іс-қимыл дағдыларын дамыту, отанға деген патриоттық сезімді қалыптастыру, әскери қызметтің маңызын түсіндіру.

Іс-шара барысы:

1.Кіріспе бөлім: Сабақ жетекшісі оқушыларға әскери-саптық дайындықтың мақсатын түсіндіріп, қауіпсіздік ережелерін еске салды.

2.Негізгі бөлім:

Әскери-қимыл элементтерін көрсету (қатарға тұру, сапқа тұру, бұйрыққа жауап беру).

Қол және аяқ қимылдарын үйлестіріп, саптық қозғалыстарды орындау.

Топтық жаттығулар арқылы командалық жұмыс дағдыларын дамыту.

3.Қорытынды бөлім: Сабақ соңында оқушылар өз тәжірибесін бөлісіп, жетістіктерін талқылады. Жетекші сабақтың қорытындысын айтып, патриоттық маңызын атап өтті.

Нәтижесі:

Оқушылар әскери-саптық дайындық негіздерін меңгерді.

Ұжымда тәртіп пен бірлескен іс-қимыл дағдылары қалыптасты.

Патриоттық сезім мен жауапкершілік деңгейі артты.

Ұлдар ұйымының жетекшісі: Кадиров Е.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі
ХАТТАМА №2

Күні: желтоқсан 2025 ж.

Күн тәртібі:

1. Тәрбие бағытындағы жартыжылдық жұмыс есебі
2. Буллингтің алдын алу, сабаққа қатысу мәселесі
3. Ұлттық құндылықтар – ер баланың бойындағы намыс пен мінез

Тыңдалды:

1. Тәрбие бағытындағы жартыжылдық жұмыс есебі

I жартыжылдықта Ұлдар клубы тарапынан атқарылған жұмыстарға талдау жасалды. Жоспарға сәйкес патриоттық тәрбие, құқықбұзушылықтың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылғаны айтылды.

Атап айтқанда, ұл балалардың қоғамдық жұмыстарға қатысу белсенділігі, мектепішілік спорттық жарыстардағы жетістіктері, тәртіп пен сабаққа қатысу көрсеткіштері сараланды.

Сонымен қатар кейбір оқушылардың сабаққа кешігуі, мектеп формасын сақтамау фактілері кездесетіні ескертіліп, олармен жеке профилактикалық жұмыстар жүргізілетіні айтылды. Жалпы атқарылған жұмыстардың нәтижесі қанағаттанарлық деп бағаланды.

2. Буллингтің алдын алу, сабаққа қатысу мәселесі

Оқушылар арасындағы буллингтің, келемеждеудің, күш көрсету әрекеттерінің алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бір-біріне құрметпен қарау, өзгеге психологиялық немесе физикалық зиян келтірмеу – әр оқушының міндеті екені айтылды.

Қандай да бір келеңсіз жағдай туындаған кезде мектеп әкімшілігіне немесе сынып жетекшісіне хабарлау керектігі түсіндірілді.

Сабаққа қатысу бойынша себепсіз қалудың білім сапасына кері әсер ететіні, болашақта мамандық таңдауға кедергі келтіретіні нақты мысалдар арқылы жеткізілді. Сабаққа тұрақты қатысу – жауапты тұлғаның басты көрсеткіші екендігі атап өтілді.

3. Ұлттық құндылықтар – ер баланың бойындағы намыс пен мінез

Ер бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың маңызы түсіндіріліп, қазақ халқының ер азаматқа қоятын талаптары туралы айтылды. Намысшылдық, батылдық, сөзінде тұру, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу – нағыз жігіттің бойынан табылатын қасиеттер екендігі атап өтілді.

Ұлттық салт-дәстүр, әке тәрбиесі, отбасы өнегесі арқылы қалыптасатын ер азаматтың тұлғалық бейнесі туралы тәрбиелік әңгіме жүргізілді.

Оқушыларға өз елін, жерін қорғаған батырларымыздың өмірі мысалға келтіріліп, олардың бойындағы қайсарлық пен отансүйгіштік қасиеттер үлгі ретінде ұсынылды.

Қоғамда өзін дұрыс ұстау, мәдениетті сөйлеу, зиянды әдеттерден аулақ болу – намысты ер жігіттің белгісі екені түсіндірілді.

Белсенді оқушылар өз пікірлерін білдіріп, тәртіпті сақтау және достық қарым-қатынасты нығайту туралы ұсыныстар айтты.

Қаулы етілді:

1. Жартыжылдық жұмыс қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Буллингтің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Сабаққа қатысуы төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін.

Ұлдар ұйымының жетекшісі: Кадиров Е.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

АНЫҚТАМА

Күні: Желтоқсан, 2025 жыл

Тақырыбы: «Ер жігіт – ел тірегі» дөңгелек үстелі

Мақсаты:

Оқушыларға ер азаматтың қоғамдағы рөлі мен жауапкершілігін түсіндіру, патриоттық сезімді қалыптастыру, ұлдар ұйымының қызметі мен маңызын таныстыру, командалық және көшбасшылық қасиеттерді дамыту.

Іс-шара барысы:

1.Кіріспе бөлім: Ұйым жетекшісі қатысушыларға дөңгелек үстелдің мақсатын түсіндіріп, тақырыпқа кіріспе жасады.

2.Негізгі бөлім:

Оқушылар өз ойларын бөлісті, ерлік пен жауапкершілік туралы пікірталас өткізді.

Ұлдар ұйымының қызметі мен белсенділігін талқылады.

Қатысушыларға практикалық кеңестер беріліп, нақты мысалдар арқылы талқылау жүргізілді.

3.Қорытынды бөлім: Сабақ соңында қатысушылар дөңгелек үстелдің нәтижелерін қорытындылап, өз ұсыныстарын білдірді. Жетекші оқушылардың патриоттық сезімін арттыру және ұйым жұмысына белсенді қатысу керектігін атап өтті.

Нәтижесі:

Оқушылар ер азаматтың қоғамдағы рөлін түсінді.

Ұлдар ұйымының жұмысына қызығушылық пен белсенділік артты.

Патриоттық сезім мен жауапкершілік деңгейі көтерілді.

Ұлдар ұйымының жетекшісі: Кадиров Е.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі
ХАТТАМА №3

Күні: ақпан 2026 ж.

Күн тәртібі:

1. Қыз балаларға құрмет көрсету – ұл тәрбиесінің негізі
2. Спорттық жарыстарға қатысу белсенділігі
3. «Әке – отбасы тірегі» тақырыбында пікір бөлісу

Тыңдалды:

1. Қыз балаларға құрмет көрсету – ұл тәрбиесінің негізі

Жиналыста қыз балаларға құрмет көрсету – ұл баланың тәрбиесі мен адамгершілігінің айқын көрінісі екендігі түсіндірілді. Қыз баламен сыпайы сөйлесу, орын беру, ауыр сөз айтпау, әдеп сақтау – әрбір саналы ер азаматтың міндеті екені атап өтілді.

Мектеп қабырғасында қыз балаларға қамқорлық таныту, оларды қорғау, сыйластық қарым-қатынас орнату арқылы ұл балалардың мәдениеті мен тұлғалық қасиеттері қалыптасатыны айтылды.

Қазақ халқының қыз баланы ерекше қадірлегені, “Қыз – елдің көркі” деген тәрбиелік мәні бар нақыл сөздер арқылы түсіндіріліп, ұлттық тәрбие негізінде өнегелі мінез-құлық қалыптастыру қажеттігі ескертілді.

2. Спорттық жарыстарға қатысу белсенділігі

Оқушылардың спорттық жарыстарға қатысуы – денсаулықты нығайтудың, ерік-жігерді шыңдаудың, жауапкершілік пен ұйымшылдықты қалыптастырудың тиімді жолы екендігі айтылды.

Мектепішілік және аудандық жарыстарға белсенді қатысу, мектеп намысын қорғау – әрбір ұл бала үшін абыройлы іс екені түсіндірілді.

Салауатты өмір салтын ұстану, зиянды әдеттерден аулақ болу, бос уақытты тиімді пайдалану мақсатында спорттық үйірмелерге қатысу ұсынылды.

Белсенділік танытып жүрген оқушылар үлгі ретінде аталып, басқа оқушыларды да спортпен тұрақты айналысуға шақыру жұмыстары жүргізілді.

3. «Әке – отбасы тірегі» тақырыбында пікір бөлісу

Жиналыста отбасы тәрбиесіндегі әкенің рөлі, оның бала өміріндегі орны туралы оқушылар өз ойларымен бөлісті. Әке – отбасының қорғаны, тәрбие беруші, еңбекқорлық пен жауапкершіліктің үлгісі екендігі айтылды.

Әкенің ақыл-кеңесі, өнегелі ісі арқылы ер бала бойында батылдық, төзімділік, намысшылдық сияқты қасиеттер қалыптасатыны түсіндірілді.

Оқушылар өз әкелері туралы жылы пікірлер айтып, олардың өмірдегі еңбегі мен қамқорлығы жайлы ой қозғады. Бұл тақырып оқушылардың отбасыға деген құрметін арттырып, әке тәрбиесінің маңызын түсінуге ықпал етті.

Оқушылар спортқа қызығушылықтарын арттырып, мектеп намысын қорғауға дайын екендіктерін айтты.

Қаулы етілді:

1. Қыз балаларға құрмет көрсету мәдениетін қалыптастыру тұрақты бақылауда болсын.
2. Спорттық іс-шараларға қатысу белсенділігі арттырылсын.
3. Отбасы құндылықтарын насихаттау жұмыстары жалғастырылсын.

Ұлдар ұйымының жетекшісі: Кадиров Е.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

АНЫҚТАМА

Күні: Ақпан, 2026 жыл

Тақырыбы: «Қыздарды қорғау – жігіттің парызы» ашық тәрбие сағаты

Мақсаты:

Оқушыларға ұлдар мен қыздардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, бір-біріне құрмет көрсету мәдениетін қалыптастыру, ұлдар ұйымының белсенділігін арттыру, жауапкершілік пен патриоттық сезімді дамыту.

Іс-шара барысы:

1.Кіріспе бөлім: Ұйым жетекшісі ашық тәрбие сағатының мақсатын түсіндіріп, қатысушыларды тақырыпқа бағыттады.

2.Негізгі бөлім:

Оқушылар қыздарды қорғау, құрметтеу және жауапкершілік туралы пікірталас жүргізді.

Практикалық мысалдар арқылы ұлдардың өз міндеттерін түсінуі талқыланды.

Ұлдар ұйымының қызметі мен осы бағыттағы жобалары таныстырылды.

Қорытынды бөлім: Сағат соңында қатысушылар өз ойларын қорытындылап, ұсыныстарын білдірді. Жетекші оқушыларға қыздарды қорғау және өз іс-әрекеттерінде жауапкершілік таныту маңызды екенін атап өтті.

Нәтижесі:

- Оқушылар қыздарды қорғаудың және құрмет көрсетудің маңызын түсінді.
- Ұлдар ұйымының жұмысына белсенділік артты.
- Жауапкершілік, патриоттық сезім және ұжымдық мәдениет деңгейі көтерілді.

Ұлдар ұйымының жетекшісі: Кадиров Е.